

Қорытынды аттестаттауға дайындық

Эссе - бұл адамның субъективті пікірі, көзқарасы мен ойы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың түрі.

Құрылым бойынша: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдердің болуы маңызды.

КІРІСПЕ БӨЛІМ.

Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз болуы мүмкін. Сондықтан ерекше эмоционалды түрде ойлана отырып, оқырманды қаралатын мәселеге алып келу, тақырыптың өзектілігін алға тарту маңызды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Негізгі бөлім бірнеше тармақшалардан тұрады: тезис (дәлелді пікір), дәлелдеу(тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер) және тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап). Дәлелдер оқырмандарды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер болып табылады. Бұл өмірден алынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер болуы мүмкін. Дәлелдемелер келесі ретпен жасалады:

-пайымдау;

-түсіндіру;

-мысал;

-қорытынды пікір;

-тұжырым.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ.

Қорытындыда негізгі бөлімде ұсынылған және әр тезис бойынша тоқталған барлық тұжырымдар біріктіріледі. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде қисынды қорытындыға келуі мүмкін.

Есіңізде сақтаңыз!

Тақырыптан ауытқымау.Берілген немесе таңдаған тақырып аясында ой толғаған дұрыс.

Ойды еркін жеткізу. Ойыңызды жинақы, нақты, анық етіп жазу маңызды. Жазуыңызға да мән беріңіз.Нашар жазудан емтихан тексеруші сіздің ойыңызды түсінбеуі мүмкін, сондықтан таза әрі түсінікті етіп жазуға тырысыңыз.

Нақты мысалдар келтіру. Эсседе сіз пікіріңізді аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдеуіңіз керек.

Аргументтер:

-деректер мен дәйектер;

-өмірден алынған жағдайлар, өмірлік шынайы тәжірибелер;

-ғылыми зерттеулер;

-ғалымдардың пікірлеріне сілтеме.

Эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданылуы.

Эсседе эмоционалдылыққа рұқсат етіледі. Алайда, жаргон, қысқарған және ауызекі сөздерді қолдануға болмайды. Берілген сөз санын сақтап, сауатты жазу керек.

СІЗДЕРГЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІН!